

## **Жер учаскесіне шектеулі нысаналы пайдалану (қауымдық сервитут) құқығын беру туралы**

Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің 2021 жылғы 9 қарашадағы № 240 қаулысы

Қазақстан Республикасы Жер кодексінің 67-бабы 2-тармағының 3) тармақшасына, 69-бабы 4-тармағының 2-1) тармақшасына және "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 27-бабы 1-тармағының 8) тармақшасына сәйкес, жер комиссиясының 2021 жылғы 23 тамыздағы № 6 хаттамасы және "Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің ауыл шаруашылығы және жер қатынастары басқармасы" коммуналдық мемлекеттік мекемесінің 2021 жылғы 7 қыркүйектегі № KZ52VBG00906538, № KZ20VBG00906532 бұйрықтарымен бекітілген жерге орналастыру жобалары негізінде Солтүстік Қазақстан облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Осы қаулының қосымшасына сәйкес "Қазақстан Республикасы Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігі Су ресурстары комитеті" республикалық мемлекеттік мекемесіне 10 жыл мерзімге орман қорының жерін қоспағанда, Солтүстік Қазақстан облысы Қызылжар ауданы Архангельское, Қызылжар және Березов ауылдық округтерінің аумағында Соколов топтық су құбырының магистральдық құбыр жолының желілік бөлігін орналастыру және пайдалану үшін жалпы ауданы 13,9 гектар жер учаскесіне шектеулі нысаналы пайдалану (қауымдық сервитут) құқығы берілсін.

2. "Қазақстан Республикасы Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігі Су ресурстары комитеті" республикалық мемлекеттік мекемесіне (келісім бойынша) жұмыс аяқталғаннан кейін жер учаскесін нысаналы мақсаты бойынша одан әрі пайдалануға жарамды күйге келтіру ұсынылсын.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау облыс әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

4. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Солтүстік Қазақстан облысының әкімі*

*Қ. Ақсақалов*

Солтүстік Қазақстан  
облысы әкімдігінің  
2021 жылғы "09" қарашадағы  
№ 240 қаулысына  
қосымша

**"Қазақстан Республикасы Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігі Су ресурстары комитеті" республикалық мемлекеттік мекемесіне 10 жыл мерзіміне Солтүстік Қазақстан облысы Қызылжар ауданы Архангельское, Қызылжар және Березовское ауылдық**

**округтерінде шектеулі нысаналы пайдалану құқығын (қауымдық сервитут) беру кезіндегі жер экспликациясы**

№	Ж е р пайдаланушылардың атауы	Кадастрлық нөмірі	Ауданы , га	Соның ішінде						
				А / ш алқабының ауданы	Оның ішінде			Оның ішінде Жайылым	Оның іші Жақсарты	
					Егістік	К ө п жылдық екпе	Шабындық			
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11
Қызылжар ауданы										
Архангельское ауылдық округі										
Елді мекендер жері										
1	Новокаменка ауылы		10,7							
	Жиыны		10,7							
Қызылжар ауылдық округі										
Ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлер										
Мемлекеттік емес заңды тұлғалар										
1	"Сервис-ЖАРС" жауапкершілігі шектеулі серіктестік	15-220-035-172	2,5	2,5	2,5					
	Жауапкершілігі шектеулі серіктестігі бойынша жиыны		2,5	2,5	2,5					
	Жиыны ауылдық округтері шекарасында		13,2	2,5	2,5					
Березовка ауылдық округі										
Елді мекендер жері										
1	Барневка ауылы		0,5	0,5					0,5	
2	"Солүстік Қазақстан облысы әкімдігінің жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары басқармасы" коммуналдық мемлекеттік мекемесі	15-220-066-010	0,1							
3	"Солтүстік Қазақстан Электр Желістік тарату компаниясы" акционерлік қоғамы	15-220-068-126	0,1							
	Жиыны		0,7	0,5					0,5	
	Ауылдық округ шекарасындағы жиыны		0,7	0,5					0,5	
	Барлығы		13,9	3					0,5	

**Кестенің жалғасы**

Соның ішінде											
Орманды алқап	Орман белдеуі	Бұта	Батпақ	Өзен	Көл	Жасанды су айдыны	Жол	Саябақ, гүлзар, бульвар	Құрылыс	Бұзылған жерлер	Өзге жерлер
12	13	14	15	16	17	18	19	20	21	22	23
Қызылжар ауданы											
Архангельское ауылдық округі											
Елді мекендер жері											
											10,7
											10,7
Қызылжар ауылдық округі											
Ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлер											
Мемлекеттік емес заңды тұлғалар											
											10,7
Березовка ауылдық округі											
Елді мекендер жері											
											0,1
											0,1
											0,2
											0,2
											10,9